

«Келісілді»

ҚР Оқу-ағарту министрлігінің
Орта білім беру комитетінің төрағасы
Қ.Б. Жұмашев

« » 2023ж.



«Бекітілді»
«БІЛІМ-ИННОВАЦИЯ» ХҚҚ
вице-президенті
Қ.Б. Қожахметов

«01» сәуірік 2023ж.

**«БІЛІМ-ИННОВАЦИЯ» Халықаралық
қоғамдық қорына қарасты білім беру
мекемелерінің
2023-2024 оқу жылына арналған
оқу жоспары**

ТҮСІНІКТЕМЕ ХАТ

«Білім-инновация» лицейлерінің (әрі қарай - «Лицей») 7-11 сыныптарына арналған жұмыс оқу жоспары төмендегі құжаттар негізінде әзірленеді:

- «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығы (2022 жылғы 23 қыркүйектегі №406 бұйрықпен толықтырулар мен өзгерістер енгізілген) (3,4 қосымшалары);
- «Қазақстан Республикасында негізгі орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығы (2022 жылғы 12 тамыздағы №365 бұйрығына енгізілген өзгерістер мен толықтырулармен);
- «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім деңгейлерінің таңдау курстарының үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі № 399 бұйрығы;
- «Мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, мамандандырылған, арнаулы білім, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, балаларға және ересектерге қосымша білім беру ұйымдарының үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығы;
- Санитарлық ережелер (Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы № 76 бұйрығымен бекітілген «Білім беру нысандарына қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар» (ҚР ӘМ 06.08.2021ж. № 23890 болып тіркелген);

Лицейдің оқу жоспары 5 жылға негізделінген (7-ші сыныптан 11 сыныпқа дейін).

Лицейде пәндер төрт тілде (қазақ, ағылшын, орыс, түрік) оқытылады.

Білім-инновация лицейлерінің оқу жоспарының құрылымында мыналар белгіленген:

1. Лицейлердегі базалық білім мазмұнының өзегін көрсететін инварианттық оқу жүктемесі;
2. Оқушылардың мүдделігі мен қажеттілігіне сәйкес олардың жеке тұлғасын дамытуға бағытталған вариативтік оқу жүктемесі. Білім беру салаларында белгіленген пәндерді оқытуға (соның ішінде тереңдетіп оқытуға), жаңа оқу курстарын, факультативтерін енгізуге, дара және топтық сабақтар жүргізуге пайдаланылады.

Лицейлерде 7-11 сыныптарда Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығының 5-қосымшасы 15 тармағына сәйкес оқушылардың зерттеушілік қызығушылығын дамыту үшін әрбір бейіндік пән бойынша әр сыныпқа аптасына 4 сағат есебінен қаражат және оқушылардың шығармашылық және зерттеушілік қызметін дамыту бойынша

жеке сабақтан тыс жұмыстар үшін әр сыныпқа 0,25 жүктеме және шарт негізінде жоғары білікті мамандарға жекелеген курстар мен дәрістерге ақы төлеу үшін Лицейге жылына 1500 сағат есебіне қаражат бөлінеді. Таңдау бойынша факультативтік сабақтар мен курстар топтарда кемінде 10 адам болған кезде өткізіледі.

Негізгі саты (7-9 сыныптар)

Негізгі сатыдағы білім мазмұны негізінен аяқталған болып саналады және оқушылардың әрі қарай білім берудің одан арғы бейінін таңдауға, кәсіптік бағдарын айқындауға дайындау үшін жағдай жасалынады. Негізгі сатының жоспары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің «Қазақстан Республикасында жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарын бекіту туралы» 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 (2022 жылғы 12 тамыздағы № 365 бұйрығына енгізілген өзгерістер мен толықтырулармен) бұйрығымен бекітілген бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларының № 71,72 қосымшаларының негізінде жасалған.

Негізгі саты шартты түрде екі сатыға бөлінеді: негізгі орын алатын 7 сыныптар және 8-9 сыныптар (бейін алдындағы сыныптар). 7-ші сыныптан бастап оқытудың мақсаты: бұл уақытқа дейін оқушылар «Білім-инновация» лицейлерінің оқу жоспарын меңгеруге даярлық білім негізін меңгереді. Лицей оқушылары ағылшын және түрік тілін игерулері қажет. Оқушылар бұл тілдерді үйрену арқылы ғылым негіздерін көп тілде қабылдай алады. Осыған байланысты 7-ші сыныптың оқу жоспары өзгеше. 7-ші сыныпта бірінші жартыжылдықта физика, химия, биология сабақтары оқытылмайды. Бұл пәндер екінші жартыжылдықта ағылшын тілінде оқытылады. Ағылшын тілі А0 деңгейден бастап, аптасына 9 сағат оқытылып, 16 аптада жаратылыстану-математикалық бағыттағы пәндерді оқытуға байланысты Cambridge университеті ұсынған межеге сай қажетті тілдік деңгейде меңгерген оқушылар жаратылыстану-математикалық бағыттардағы пәндерді оқи алады.

8-9 сыныптарда бір жағынан негізгі мектептің базалық пәндерінен жалпы білім беру аяқталады, екінші жағынан лицейдің жоғарғы сатысында білім алушылардың бейіндік оқыту қырын саналы түрде анықтауға мүмкіншілік жасайды. Сондықтан, 8-9 сыныптарда жаратылыстану-математикалық бағыттағы пәндерді кеңейтіп және тереңдетіп оқыту жүзеге асырылады.

Толығымен алғанда, негізгі саты күрделі танымдық үдерістерге өту үшін арнайы бейім мен дағдыны қалыптастыратын білім мазмұнын байыту және жеделдету стратегиясына бағытталған базалық білім беруді, жалпы дамуды және арнайы курстарды таңдауды, оқушылардың жеке оқу бағдарламасын құру үшін мүмкіндіктер жасауды, білім беру саласына сәйкес ерте бейіндендіруді жүзеге асыруды қамтамасыз етеді.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген барлық деңгейде білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес:

- «Жол жүру ережелері» кіріктірілген оқу бағдарламасы сынып сағаттарының есебінен және сабақтан тыс уақытта жүргізіледі де, тақырыбы мен мерзімі сынып журналының жеке бетіне жазылады.

- 7-8 сыныптар – әр сыныпта 10 сағаттан өткізіледі;

- «Өмір қауіпсіздігінің негіздерін» кіріктірілген оқу бағдарламасы міндетті түрде оқыту қамтамасыз етілуі тиіс, бұл ретте білім алушылардың төтенше жағдайларда (өрт, жер сілкінісі және т.б.) практикалық дағдыларының қалыптасуына ерекше назар аударылуы тиіс. Осыған байланысты «Өмір қауіпсіздігінің негіздері» курсының оқыту 7-9 сыныптарда «Дене шынықтыру» пәні аясында 15 сағат бөлінеді.

- 7-9 сыныптарда вариативтік компонент сағаттары «Жаһандық құзыреттілік» курсының оқуға бөлінеді.

Жоғарғы саты (10-11) сыныптар

Жоғарғы сатының жоспары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің «Қазақстан Республикасында жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарын бекіту туралы 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500» (2022 жылғы 12 тамыздағы №365 бұйрығына, 2023 жылғы 18 тамыздағы №264 бұйрығына енгізілген өзгерістер мен толықтырулармен) бұйрығымен бекітілген бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларының № 107, 108, 27, 28 қосымшаларының негізінде жасалған.

Жоғарғы сатыда вариативтік бөлік қолданбалы курстардан, факультативтерден, таңдамалы курстан тұрады. Бейіндік пәндер мен қолданбалы курстарды таңдаған бағыттары бойынша тереңдетіп оқытуды жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

«Өмір қауіпсіздігінің негіздерін» кіріктірілген оқу бағдарламасы міндетті түрде оқыту қамтамасыз етілуі тиіс, бұл ретте білім алушылардың төтенше жағдайларда (өрт, жер сілкінісі және т.б.) практикалық дағдыларының қалыптасуына ерекше назар аударылуы тиіс. Осыған байланысты «Өмір қауіпсіздігінің негіздері» курсының оқыту 10 сыныпта «Алғашқы әскери және технологиялық» оқу курсының аясында 12 сағат аясында жүзеге асырылады. Білім алушылардың практикалық дағдылары мен біліктіліктерін шыңдау және жетілдіру, сонымен қатар, әскери істі оқып-үйренуге деген қызығушылықтарын арттыру мақсатында оқу жылының соңында спорттық қорғаныс сауықтыру лагерлерінде, әскери бөлім базаларында (әскери бөлім басшылығымен келісе отырып) 10-сынып ұлдарымен 30 сағат көлеміндегі бес күндік оқу-далалық (лагерлік) жиыны өткізіледі.

10-11 сыныптарда вариативтік компонент сағаттарынан «Жаһандық құзыреттілік» курсының оқуға 1 сағаттан бөлінеді.

**2023-2024 оқу жылына арналған оқыту қазақ тілінде жүргізілетін мамандандырылған
«Білім-инновация лицей-интернаты» ММ негізгі орта білім берудің оқу жоспары**

№	Білім салалары және оқу пәндері	Сыныптар бойынша апталық сағат саны			Жалпы жүктеме, сағат		Оқыту тілі
		7	8	9	апталық	жылдық	
Инварианттық компонент							
	Тіл және әдебиет	16	12	12	40	1360	
1	Қазақ тілі	2	2	2	6	204	қазақ
2	Қазақ әдебиеті	2	2	2	6	204	қазақ
3	Орыс тілі мен әдебиеті	3	3	3	9	306	орыс
4	Шетел тілі (ағылшын)	9	5	5	19	646	ағылшын
	Математика және информатика	4	4	4	12	408	
5	Алгебра	2	2	2	6	204	ағылшын
6	Геометрия	1	1	1	3	102	ағылшын
7	Информатика	1	1	1	3	102	ағылшын
	Жаратылыстану	2,5	4	4	10,5	357	
8	Физика	0,5	1	1	2,5	85	ағылшын
9	Химия	0,5	1	1	2,5	85	ағылшын
10	Биология	0,5	1	1	2,5	85	ағылшын
11	География	1	1	1	3	102	қазақ
	Адам және қоғам	2	2	3	7	238	
12	Қазақстан тарихы	1	1	1	3	102	қазақ
13	Дүниежүзі тарихы	1	1	1	3	102	қазақ
14	Құқық негіздері	-	-	1	1	34	қазақ
	Технология және өнер	1	1	1	3	102	
15	Көркем еңбек	1	1	1	3	102	қазақ
	Дене шынықтыру	3	3	3	9	306	
16	Дене шынықтыру	3	3	3	9	306	қазақ
Инварианттық бөліктегі мамандандырылған компонент		2	5	5	12	408	
Ағылшын тілі			1	1	2	68	ағылшын
Физика		0,5	1	1	2,5	85	ағылшын
Химия		0,5	1	1	2,5	85	ағылшын
Биология		0,5	1	1	2,5	85	ағылшын
Алгебра		0,5	1	1	2,5	85	ағылшын
Инварианттық оқу жүктемесі		30,5	31	32	93,5	3179	
Вариативтік компонент							
Жаһандық құзыреттілік		0,5	0,5	1	2	68	
Элективті курстар		4,5	5	6	15,5	527	
Екінші шет тілі		4	3	3	10	340	түрік
Элективті курс		0,5	2	3	5,5	187	

Handwritten signature

Вариативті оқу жүктемесі	5	5,5	7	17,5	595	
Ең жоғарғы оқу жүктемесі	35,5	36,5	39	111	3774	
Шығармашылық және зерттеушілік қызметтің дамыту үшін әр сыныпқа 0,25 ставка						
Үйірме және зерттеушілік жұмыс	4	4	4	12	408	

**2023-2024 оқу жылына арналған оқыту қазақ тілінде жүргізілетін
мамандандырылған «Білім-инновация лицей-интернаты» ММ
жаратылыстану-математикалық бағыт бойынша жалпы орта білім берудің оқу жоспары**

№	Оқу пәндері	Сыныптар бойынша апталық сағаттар саны		Жалпы жүктеме		Оқыту тілі
		10	11	апталық	жылдық	
Инварианттық компонент						
Міндетті пәндер						
1	Алгебра және анализ бастамалары	3	3	6	204	ағылшын
2	Геометрия	2	2	4	136	ағылшын
3	Информатика	2	2	4	136	ағылшын
4	Қазақ тілі	1	1	2	68	қазақ
5	Қазақ әдебиеті	2	2	4	136	қазақ
6	Орыс тілі мен әдебиеті	2	2	4	136	орыс
7	Шетел тілі (ағылшын)	2	2	4	136	ағылшын
8	Қазақстан тарихы	1	1	2	68	қазақ
9	Дене шынықтыру	2	2	4	136	қазақ
10	Алғашқы әскери және технологиялық дайындық	1	1	2	68	қазақ
Таңдау бойынша пәндер						
Терендетілген деңгей		3 сағаттан 2 пән		12	408	
11	Физика					ағылшын
12	Химия					ағылшын
13	Биология					ағылшын
14	География					қазақ
Стандарттық деңгей		2 сағаттан 1пән		4	136	
15	Дүниежүзі тарихы					қазақ
16	Кәсіпкерлік және бизнес негіздері					қазақ\ағылшын
17	Графика және жобалау					қазақ\ағылшын
18	Құқық негіздері					қазақ
Инварианттық бөліктегі мамандандырылған компонент		4	4	8	272	
Қазақстан тарихы		1	1	2	68	қазақ
Инварианттық бөліктегі пән		3	3	6	204	қазақ\ағылшын
Инварианттық оқу жүктемесі		30	30	60	2040	
Вариативтік компонент						
Таңдау бойынша пәндер		4	4	8	272	
Екінші шет тілі (түрік тілі)		2	1	3	102	
Таңдау пәні		2	3	5	170	
Элективті курстар		5	5	10	340	

Жаһандық құзыреттілік	1	1	2	68	
Спорттық ойын	1	1	2	68	
Вариативтік компонент	11	11	22	748	
Ең жоғарғы оқу жүктемесі	41	41	82	2788	
Шығармашылық және зерттеушілік қызметтің дамыту үшін әр сыныпқа 0,25 ставка					
Үйірме және зерттеушілік жұмыс	4	4	8	272	